

РЕФЕРЕНДУМ-2022: ЕМБІЛІК
МҰНАЙШЫЛАРДЫҢ 85% ДАУЫС БЕРДІ



2

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ЖОҒАРЫ
БАҒАЛАУ ӨЗЕКТІ



3

РОВЕСНИЦА ЭМБЫ: ИСТОРИЯ ЖИЗНИ
АЛЕКСАНДРЫ МАРТЫНОВОЙ



6



Embi ТЫНЫСЫ

№8 (92)
МАУСЫМ
2022 ЖЫЛ

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз.



ЕМБІНІҢ ҮЗДІКТЕРІ

кәсіби шеберлік байқауының II кезеңі мәресіне жетті

Маусымның 1-3-і күндері аралығында «Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты өндірістік-құрылымдық бөлімшелер арасында жұмысшы мамандықтар арасында «Үздік маман-2022» кәсіби шеберлік байқауының II кезеңі өтті.

Мұнайшылар арасында бірнеше мамандық бойынша үздік мамандарды анықтау мақсатындағы байқау дәстүрлі түрде жыл сайын ұйымдастырылып келген-ді. Пандемия салдарынан 2 жыл қатарынан өтпеген сайыс биыл қарт Ембінің 100 жылдығына орайластырылды.

Дәстүрлі доданың бірінші туры бұған дейін өндірістік-құрылымдық бөлімшелер базасында өткен болатын. Бірінші турдың жеңімпаздары өз мамандықтары бойынша біліктілік пен шеберлік сынының II кезеңінде бас қосты.

Байқау биыл 10 мамандық бойынша ұйымдастырылып, 60-қа жуық жұмысшы өз білімдері мен біліктіліктерін теория мен тәжірибелік негізде сынап көрді.

Айта кету керек, шеберлік конкурсы жұмысшылардың беделін көтеріп, олардың арасынан жүзден жүйрік нағыз мамандарды іріктейді. Өзара тәжірибе мен түрлі идеялардың алмасуына да үлкен мүмкіндік береді. Әр қызметкердің өзінің жұмысына деген жауапкершілігін арттырады. Әрбір жұмыс орнында өндіріс тиімділігін арттыруға себепші болып, бүгінгі күні қолға алынып отырған бағдарламалардың орындалуына да үлкен үлес қосады.

(Басы. Жалғасы 4-5 беттерде)

Референдум-2022

ЕМБІЛІК МҰНАЙШЫЛАРДЫҢ 85% ДАУЫС БЕРДІ



ҚР Конституциясына өзгерістер енгізу бойынша референдум үшін өңірде 261 учаске құрылды. Бұл бағытта облыста 1200 байқаушы жұмыс істеді.

Атырау облысы Өңірлік коммуникациялар қызметі хабарлауынша, өңір халқының 67,68 пайызы республикалық референдумда дауыс



берді. Вахталық әдіспен жұмыс жасайтындардың дауыс беруін ұйымдастыру үшін бұл жұмыстарға 43 учаскелік комиссия тартылған. Мұнда Республикамыздың әр аумағынан келіп вахталық әдіспен жұмыс жасайтын азаматтар үшін 15 дауыс алу пункті ашылған.

Айта кетсек, «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлерінің 85 пайызы жалпыхалықтық референдумға қатысып, дауыстарын берді. Мұнайшылар



үшін кен орындарында дауыс беру орындары ұйымдастырылды. Дауыс беру учаскелері жұмысшылар көп шоғырланған ірі кен орындарында орналасты. Ал, аудан орталықтарына жақын маңдағы кен орындары мұнайшылары мен мердігер мекемелер қызметкерлері үшін дауыс беруге арнайы транспорттар бөлінді.

Дауыс беру сағат 07:00-ден 20:00-ге дейін жүргізілді.



Жаңалықтар

«ҚазМұнайГаз»ҰК» АҚ Басқарма төрағасының барлау және өндіру жөніндегі орынбасары Құрманғазы Есқазиев Атырау облысында жұмыс сапарымен болды. Ол «Ембімұнайгаз» АҚ мен оған қарасты «Жайықмұнайгаз», «Қайнармұнайгаз», «Жылыоймұнайгаз» және «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармалары басшылығымен кездесіп, жұмыс жиынын өткізді.

ҚМГ БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ Қ.ЕСҚАЗИЕВ ЕМБІНІҢ 100 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ ЖИЫН ӨТКІЗДІ



Кездесу барысында 2022 жылғы 4 айдағы өндірістік нәтижелер мен мұнай өндіру жоспарын орындау мәселелері талқыланды. Өндіріс көлемі жоспарын орындау бағытында пайдаланушылық ұңғымаларын бұрғылау жұмыстарын белсенді жүргізуді тапсырды. Сонымен қатар, жиынға қатысушылар геологиялық барлау жұмыстарының ағымдағы даму жоспарына тоқталды.

Бұған қоса, Қ.Есқазиев жұмыс ұжымдарындағы әлеуметтік тұрақтылықты сақтау мен басшылық пен өндіріс қызметкерлері арасындағы ішкі коммуникацияны жақсартуға баса назар аударуды тапсырды.

Бұдан бөлек, жиын барысында ЕМГ-нің 100 жылдық мерейтойына



орай мерекелік шараларды өткізу бағытындағы мәселелер қозғалды. Қ.Есқазиев Ембінің 100 жылдығына арналған мерейтойлық шаралар бағдарламасымен танысты. Жиын қорытындысымен жұмыс тобының мүшелеріне бірқатар тапсырмалар берілді.



«ҚАЗМҰНАЙГАЗ»ҰК»АҚ БАСШЫЛЫҒЫ «ЕМБІМҰНАЙГАЗ»АҚ-НЫҢ ЦИФРЛАНДЫРУ ПРОЦЕСТЕРІМЕН ТАНЫСТЫ

«ҚазМұнайГаз»ҰК»АҚ Басқарма төрағасы Мағзұм Мырзағалиев өзінің Атырау облысындағы сапарында «Ембімұнайгаз» АҚ-ның Бас кеңсесінде болды.

Кездесу барысында «ҚазМұнайГаз»ҰК»АҚ басшылығы «Сандық Қазақстан» Мемлекеттік бағдарламасына енген «Интеллектуалды кен алаңы» жүйесінің жұмысымен танысты.

«Ембімұнайгаз» АҚ-ның цифрландыру жобасын іске асыру жұмыстары 2016 жылы «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының Уаз кен орнында «Интеллектуалды кен алаңы» пилоттық жобасын енгізуден басталды. Өзінің тиімділігін көрсеткен аталмыш жүйе бүгінде «Ембімұнайгаз» АҚ-ның 9 кен орнында таратылған. Өндірісті жедел басқару орталығында Ембідегі өндірістік көрсеткіштерге мониторинг жүргізу, мұнай өндіруді және басқа да бизнес-үдерістерді оңтайландыру бағытындағы жұмыстар онлайн түрінде жүзеге асады.

«ҚазМұнайГаз»ҰК»АҚ басшылығының назарына Ембі кен алаңдарындағы өнім өндіру мониторингісінің, ұңғымаларды жер асты жөндеу жұмыстарының, көліктерді пайдаланудың тиімділігін арттырудың, сапарларды басқару жобаларының жұмыстары ұсынылды.

Өндірісті жедел басқару орталығынан кейін «ҚазМұнайГаз»ҰК»АҚ Басқарма төрағасы М.Мырзағалиев Ембінің 100 жылдық мерейтойының аясында қолға алынатын кейбір мерекелік шаралардың дайындығымен танысты.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ЖОҒАРЫ БАҒАЛАУ ӨЗЕКТІ



Өндірістік көрсеткіштерді тұрақты орындап, мұнай өндіру барысында жоспар деңгейінен табылуды жіті назарда ұстап отырған «Ембімұнайгаз» АҚ өз қызметінде қоршаған ортаны сақтау, экологиялық талаптарды орындауды өзекті санайды.

Ғасырдан астам уақыт жер қойнауын игеріп, ел экономикасының дамуына үлес қосып отырған отандық мұнай өндіруші компания осы орайда көптеген экологиялық шараларды кезең-кезеңімен жүзеге асырып келеді. Қолға алынып жатқан шараның бірі - мұнаймен ластанған тарихи жерлерді кезең-кезеңімен тазарту.

«Ембімұнайгаз» АҚ-да тау-кендік бөлу шегіндегі тарихи ластанған жерлерді тазарту жұмыстарын 2005 жылдан бастап қолға алып келеді. Компанияға қарасты «Жайықмұнайгаз», «Жылыоймұнайгаз» және «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармаларында осы мақсаттағы тазалау жұмыстарына қомақты қаражат бөлінуде. Қазіргі уақытта «Жайықмұнайгаз», «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармаларында тау-кен учаскесі шегінде тарихи ластанған жерлер түгелдей тазаланып болды. Ал, «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының аумағында аталған жұмыстар әлі де жалғасуда. Басқарманың кен алаңдарындағы тарихи ластанған орындарды жасалған шарт шеңберінде тазалау жұмыстарын 2023 жылға дейін толықтай аяқтаймыз дейді ембілік экологтар.

Соңғы екі жылдағы пандемияның алдын алу мақсатында кен алаңдарында карантиндік шараларға қатысты мұнай қалдықтарымен ластанған топырақтарды залалсыздандыру жұмыстары уақытша тоқтап қалған болатын. Бүгінде бұл жұмыстар қайтадан жанданды. 2021

жылы 7,1 мың тонна мұнай қалдықтарымен ластанған топырақ залалсыздандырылды. Ал, биыл қоқыс жинағыштардағы жинақталған 20 мың және 9 мың тонна 2022 жоспарланған қалдықты залалсыздандыруға қаражат бөлініп, қазіргі уақытта оның 8,5 мың тоннасы жойылды.

Атырау облысында алғашқылардың бірі болып «Ембімұнайгаз» АҚ «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасында мұнай қыздыру пешінен шығатын газды нейтралдаушы фильтрге тәжірибелік-өнеркәсіптік сынақ жүргізді. Бұл жұмысты атқарған «Д.В.Сокольский атындағы органикалық катализ және электрохимия институты» АҚ жүргізген болатын. Сынақ жұмысының қорытындысы бойынша көміртек тотығы 80 пайызға, көмірсутегі 60 пайызға, азот тотығының көрсеткіші 20 пайызға азаюы мүмкін деп күтілуде.

Сонымен қатар, «Ембімұнайгаз» АҚ мен Атырау облыстық экология департаменті бірлесе отырып, «Өндірістік экологиялық бағдарламасын» іске қосты. Бағдарламаның негізінде атмосфералық ауаның құрамын, ақаба судың құрамын, жерасты суларының құрамын, топырақ және өсімдіктер құрамын және радиациялық ахуалды бақылау бағытында «КМГ Инжиниринг» ЖШС-ның Атырау филиалы өндірістік экологиялық мониторинг жүргізіліп отыр.

Ембіліктер көгалдандыру шарасына белсенді араласуда

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың елді жаппай көгалдандыру туралы тапсырмасына орай Атырау қаласы мен шаһар маңына ағаш отырғызу бойынша 10 жылда жүзеге асырылатын көгалдандыру жұмыстары жобасы дайындалып, жасыл желекті молайтудың 2021-2025 жылдарға

арналған кешенді жоспары бекітілгені белгілі. Көгалдандыру жоспарына сай облыс аумағындағы ірі компаниялар мен кәсіпорындарға нақты жер көлемі белгіленіп, ол телімдер көшеттерді бағып-күту үшін компанияға белгілі бір мерзімге жалға беріліп отыр. Аталған жоба жұмысына белсене араласып жатқан ұжымдардың бірі - «Ембімұнайгаз» АҚ.

Атырау облысының әкімшілігі мен «Ембімұнайгаз» АҚ арасында осы мақсатта Меморандумға қол қойылып, жалпы көлемі 243,2 га жер теліміне көгалдандыру жұмыстарын жүргізу қолға алынды. Бүгінгі таңда компания ұжымының күшімен аумағы 2 га учаскеге 1750 түп көшет отырғызылды. Көшеттердің барлығы да жергілікті климатқа ыңғайлы таңдалды. Көшеттер отырғызылған жер аумағына электр жүйесі тартылып, тамшылатып суару жұмыстары қолға алынды. Отырғызылған әрбір көшетке тікелей баратын дозатор-тамшыламалар тартылды. Көлемі 50 текше метр тұратын 2 су жинағыш орналастырылды.

Компания су ресурстарын үнемді пайдалану бағытында жұмысшыларының тұрмыстық тіршілігі нәтижесінде пайда болатын сарқынды суды тазарту қондырғыларында «У.Оспанов атындағы Қазақ топырақтану және агрохимия ғылыми-зерттеу институтының» қортындысындағы нормативтерге сай тазартып, келешекте кен орындарда көгалдандыру жұмыстарына пайдалануды жоспарлап отыр.

Жоғарыда аталған ісшаралар отандық мұнай өндіруші компанияның қоршаған ортаны қорғауға, экологиялық талаптарды сақтауға қосқан үлестерінің көрінісі.

Салима Абитова,

Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментінің бөлім бастығы

Кәсіби мереке

МАМАНДЫҒЫМ - БАҚЫТЫМ

Адам баласының өмір жолындағы маңызды таңдауының бірі – білікті маман атану. Себебі, өз мамандығыңа деген сүйіспеншілік арқылы ғана мақсат биігіне, еңбек нәтижесіне жетуге болады. Соның ішінде, бүгін эколог мамандары туралы сөз қозғамақпыз.

Экологтардың кәсіби мерекесіне орай «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының қоршаған ортаны қорғау инженері **Асқар Дәулетқалиевпен** тілдесіп, экологияның басқа саладан өзгешелігі туралы әңгіме өрбіттік.

- Экология – көпшілікке түсінікті көрінгенмен, беймәлім қыр-сыры көп, қызықты әрі күрделі сала. Өйткені, табиғаттың әлі күнге адамзат баласы білмейтін тұсы басым. Мен 2012 жылы мұнай-газ өндіру басқармасында қоршаған ортаны қорғау инженері

ретінде қызметімді бастадым. Содан, міне, 10 жылдан астам уақыт өтті. Осы кезең аралығында басқармада қоршаған ортаны қорғау бойынша кешенді іс-шараларды ұйымдастырылып келеді, - дейді А.Дәулетқалиев.

Әріптесіміз өз сөзінде тиімділігін көрсеткен жобаларға тоқталып өтті. Соның ішінде, тарихи ескі мұнаймен ластанған жерлерді тазарту жұмыстары. 2016-2021 жылдар аралығында жүзеге асқан жоба нәтижесінде басқарма бойынша 5, 944 га жер аумағы тазартылды.

Сонымен қатар, өндіріс қалдықтары жиналатын орынды жыл сайын тазарту жұмыстары да сәтті жолға қойылған. Соңғы бес жылдықта 18163 тонна өндірістік қалдықтар залалсыздандырылған.

Бұған қоса «Каспиймұнайгаз» мердігер мекемесімен бірігіп, ауа атмосферасының, топырақ құрамының, жерасты сулардың параметрлерін өлшеу мақсатында

тоқсан сайын анализ жасалып, тексеру жұмыстары жүргізіледі.

- «Ембімұнайгаз» компаниясында табиғатты ұтымды пайдалану және экологиялық ахуалды жақсарту мәселелерін шешуге бағытталған міндеттер әрқашан алдыңғы қатарға қойылады. Осы орайда, «Жайықмұнайгаз» басқармасы бойынша аталған жобалар оң нәтижелерін көрсетті. Құбырларды жаңарту жұмыстарының нәтижесінде 2016-2017 жылдармен салыстырғанда олардың жарылу деңгейі едәуір азайды. Көрсеткіш айтарлықтай артты, - дейді әріптесіміз.

Негізгі қызметімен қоса, спортты да жанына серік еткен Асқар Сағидоллаұлы басқарма атынан көптеген жарыстарға қатысып, жас мамандарға салауатты өмір салтын насихаттауда да үлгі көрсетіп келеді.



Табиғаттың байлығы – барша келер ұрпақтың игілігі. Еліміздің қолда бар байлығын сақтау, оны тиімді пайдаланып, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету арқылы жарқын болашақта өмір сүру – өзіміздің қолымызда. Бұл - Асқар Дәулетқалиевтің жеке және кәсіби ұстанымы. Сондықтан, эколог маманы болу өз қалауы мен тағдырының үйлесім тапқанын ерекше бақыт деп бағалайды.

Үздік маман - 2022

Компанияға қарасты бөлімшелер қызметкерлерінің арасынан өз ісінде суырылып шыққан шеберлерді анықтау мақсатындағы сайыс «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының оқу полигонында өтті. Ашылу салтанатында сайыскерлерді «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Есен Қайыржан құттықтады.

ЕМБІНІҢ ҮЗДІКТЕРІ

КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК БАЙҚАУЫНЫҢ II КЕЗЕҢІ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ



- Әлемді жайлаған пандемия салдарынан 2 жыл қатарынан бұл байқауды өткізу мүмкіншілігі болмай қалды. Осынау күрделі кезеңде сіздердің еселі еңбектеріңіз бен көшбасшылық қасиеттеріңіздің арқасында өндірістік процессті бір сағатқа да тоқтатпай, өзіміздің шеберлігімізді одан сайын шыңдай түсірдік деп ойлаймын. Сол еңбектеріңіз үшін рахмет айтамыз. Мұнай саласы кәсібін меңгеріп, өздеріңіздің шеберліктеріңізді көрсеткелі отырған әрқайсысыңыз үздіктердің үздігі атануға лайықсыздар. Сіздерге қарап кейінгі жастар ұмтылуы керек, талпынуы керек. Қазақ жастары, қазақ мамандары қазіргі заманда болып жатқан нарықтық текетіреске дайын болып, небір алпауыт мекемелер мамандарымен, елімізге ағылып келіп жатқан шетелдік мамандармен иық тіресе алатындай дәрежеге жетуі керек. Бұл орайда, біз қолдан келген қолдауды аямаймыз. Сондықтан, үздіктердің білім деңгейін арттырып, кәсіби шеберлігін шыңдау - бұл жарысты ұйымдастырудағы ең басты міндет, - деп атап өтті «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Есен Қайыржан.

«Ембімұнайгаз» АҚ-ның 100 жылдық мерейтойымен тұспа-тұс келген биылғы сайысқа «Ембімұнайгаздың» бөлімшелерінен 60-қа жуық қызметкер өзара сынасып, компания бойынша мықтыны анықтады.

Жарыстың жабылу салтанатында ЕМГ Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары, конкурстың ұйымдастыру комитетінің төрағасы Қанатбек Қасымғалиев алдыңғы жылдармен салыстырғанда биылғы сайысқа неғұрлым жас мамандардың көптеп қатысқандығын қуанып отырғандығын жеткізді.

- Осыдан 2-3 жыл бұрын Дуалдық оқу бағдарламасы бойынша мұнай және газ өндіру операторы және ұңғымаларды зерттеу операторы болып жас мамандар жұмысқа алынған болатын. Сол жас мамандар қазірдің өзінде «Үздік маман» сайысына қатысып, жүлделі орындарға ие болуда. Осы сайысқа екі мамандық бойынша және тауар операторы мамандығы бойынша Дуалдық оқыту бағдарламасымен жұмысқа алынған 6 жас маман қатысып, барлығы жүлделі орындарды иеленді. Соның ішінде, үшеуі бірінші орынды жеңіп отыр. Жалпы сайысқа қатысушылардың орта жасы - 35 жас. Ең жас маман - 24-те. Бұл - көңіл қуантарлық жайт, - деген ЕМГ Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары Қ.Қасымғалиев ұйымдастырушыларға алғысын жеткізді.

Сайысқа қатысқаны үшін марапатталушыларға ынталандыру сыйлығы 50 мың теңге «Sulpak» дүкені сертификаты мен имидждік сыйлықтар берілді. Үшінші орын иегерлері дипломмен, 200 мың теңге ақшалай сыйлықпен, 100 мың теңге «Sulpak» дүкені сертификатымен және имидждік сыйлықпен марапатталды. Екінші орын иегерлеріне диплом, 300 мың теңге ақшалай сыйлық, 150 мың теңге «Sulpak» дүкені сертификаты және имидждік сыйлық табысталды. Жарыс жеңімпаздарына «Үздік маман» статуеткасы, диплом, 500 мың теңге ақшалай сыйлық, 200 мың «Sulpak» дүкенінің сертификаты және имидждік сыйлық табысталды.



«Мұнай және газ өндіру операторы» мамандығы бойынша:
«Үздік маман» – «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-ның жұмыскері Аманқос Тұңғышбай;

II орын – «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-ның жұмыскері Есенжол Ғұбашев;

III орын – «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-ның жұмыскері Нұртас Бекболатов;

Ынталандыру сыйлығы – «Доссормұнайгаз» МГӨБ-ның жұмыскері Мұратбек Нұрқасинов;

«Ұңғымаларды жерасты жөндеу операторлар бригадасы» мамандығы бойынша:

«Үздік мамандар» – «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-ның жұмыскерлері Әлібек Мырзағалиев, Әнес Мұханбетов, Өтеулі Алагузов.

II орын – «Доссормұнайгаз» МГӨБ-ның жұмыскерлері Аманқос Арыстанбаев, Асылан Рысмухамбетов және Бактығали Джаманов;

III орын – «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-ның жұмыскерлері Арман Қасанов, Болат Тәттібаев, Абат Имашев;

Ынталандыру сыйлығы – «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-ның жұмыскерлері Тимур Ташенов, Аманжол Қапаров, Ерлан Тайшиев;

«Ұңғымаларды зерттеу жөніндегі операторы» мамандығы бойынша:
«Үздік маман» – «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-ның жұмыскері Айбек Сарқұлов;

II орын – «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-ның жұмыскері Абылайхан Жұмағазиев;

III орын – «Доссормұнайгаз» МГӨБ-ның жұмыскері Ернар Телжан;

Ынталандыру сыйлығы – «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-ның жұмыскері Райымбек Сағызбаев;

Мұнай дайындау операторы (тауарлы) мамандығы бойынша:

«Үздік маман» – «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-ның жұмыскері Ғани Ерғали;

II орын – «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-ның жұмыскері Нұрлан Сапаров;

III орын – «Доссормұнайгаз» МГӨБ-ның жұмыскері Сәндібек Әділов;

Ынталандыру сыйлығы – «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-ның жұмыскері Данияр Омарғазиев;

«Сусыздандыру және тұзсыздандыру қондырғысының операторы» мамандығы бойынша:

«Үздік маман» – «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-ның жұмыскері Мұрат Құлниязов;

II орын – «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-ның жұмыскері Бердібек Әділов;

III орын – «Доссормұнайгаз» МГӨБ-ның жұмыскері Рақымжан Дарбаев;

Ынталандыру сыйлығы – «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-ның жұмыскері Азамат Джұмашев;

«Жер қабаты қысымын сақтау операторы» мамандығы бойынша:

«Үздік маман» – «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-ның жұмыскері Берекет Елеулиев;

II орын – «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-ның жұмыскері Руслан Абдрахманов;

III орын – «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-ның жұмыскері Айбол Рахышев;

Ынталандыру сыйлығы – «Доссормұнайгаз» МГӨБ-ның жұмыскері Нұрболат Ордабаев;

«Химиялық талдау жасау лаборанты» мамандығы бойынша:

«Үздік маман» – «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-ның жұмыскері Назира Мухаева;

II орын – «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-ның жұмыскері Айгүл Даумова;

III орын – «Доссормұнайгаз» МГӨБ-ның жұмыскері Минара Әбілова;

Ынталандыру сыйлығы – «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-ның жұмыскері Айсәуле Қуатова;

«Электрғазбен дәнекерлеуші» мамандығы бойынша:

«Үздік маман» – «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-ның жұмыскері Әділбек Мұхамбеткалиев;

II орын – «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-ның жұмыскері Дулат Ұзақбаев;

III орын – «Доссормұнайгаз» МГӨБ-ның жұмыскері Ержан Ұламбаев;

Ынталандыру сыйлығы – «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-ның жұмыскері Бақытжан Пайызов;

«Слесарь-жөндеуші» мамандығы бойынша:

«Үздік маман» – «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-ның жұмыскері Шыңғысхан Маратов;

II орын – «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-ның жұмыскері Ерболат Оспанов;

III орын – «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-ның жұмыскері Абылғазы Ахметов;

Ынталандыру сыйлығы – «Доссормұнайгаз» МГӨБ-ның жұмыскері Ермек Қалбаев;

«Электромонтер» мамандығы бойынша:

«Үздік мамандар» – «Прорва» аудандық электр торабының жұмыскерлері Азат Шынтөреев және Тілекбай Рашиден;

II орын – «Құлсары» аудандық электр торабының жұмыскерлері Бектай Даужанов, Байболат Джингелдиев;

III орын – «Жайық» аудандық электр торабының жұмыскерлері Надырбек Жауқашты және Серік Нұғманов;

Ынталандыру сыйлығы – «Ембімұнайэнерго» басқармасының «Қайнар», «Мақат», «Доссор» аудандық электр тораптарының жұмыскерлері Мейрамбек Нұрланов, Ғазиз Ашан, Тұрлан Джұмашев, Азамат Байуминов, Ержан Тукенов, Жанболат Бердіғалиев;

Сайыс қорытындысы бойынша жалпыкомандылық есепте:

I орын – «Жылыоймұнайгаз» мұнай және газ өндіру басқармасы;

II орын – «Қайнармұнайгаз» мұнай және газ өндіру басқармасы;

III орын – «Жайықмұнайгаз» мұнай және газ өндіру басқармасы.



«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ
 2022 жылды Қордың компаниялары тобы бойынша «Қауіпсіздік және еңбекті қорғау жылы» деп жариялаған болатын. Қорытындысында «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-ының Еңбекті қорғау және өнеркәсіп қауіпсіздігі бөлімінің бастығы Қайрат Құлбалиев «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ-ның Естелік белгісімен марапатталды. Шара барысында ЕМГ Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары Қ.Қасымғалиев марапатты иесіне табыстап, бұл жалпы Ембі ұжымының қауіпсіздік тиехникасы бағытындағы жұмысқа берілген баға деп атап өтті.

РОВЕСНИЦА ЭМБЫ: ИСТОРИЯ ЖИЗНИ АЛЕКСАНДРЫ МАРТЫНОВОЙ

На ее молодость выпали суровые годы войны, а на ее хрупкие девичьи плечи-тяжелая работа на нефтепромысле. Однажды выбрав профессию нефтяника, она осталась ей верной навсегда. Пройдя через горнило сложностей, сумела сохранить в себе любовь к людям и жизни. Александра Николаевна Мартынова-ровесница Эмбы. Несмотря на свой солидный возраст, помнит многое из своей трудовой деятельности, рассказывает о своих коллегах, ставших впоследствии легендарными личностями.



Александра Николаевна родилась в Гурьеве 15 ноября 1922 года. После окончания 8 класса юная Саша мечтала поступить в институт, но судьба распорядилась по-другому. Все ее подруги подали документы в Гурьевский нефтяной техникум. Узнав про это, мама попросила дочь последовать их примеру. Так Саша выбрала профессию нефтяника. В техникум ее приняли без экзаменов. Когда будущий молодой специалист проходила преддипломную практику на промысле Ескене, началась война. Учебную программу в техникуме сократили, а Сашу направили на промысел Сагыз.

- Вместе со мной поехали однокурсницы Анна Иванова, Мария Пашенко. Директором промысла Сагыз был Михаил Калашников, главным геологом Борис Степанович Свящёв,- вспоминает Александра Николаевна. - Ох и трудное это было время. Очень тяжело было вначале. Мы же совсем девочками были... Питания нет...В основном ели овсяную кашу, больше еды не было, также, как и бытовых условий. Молодость помогла преодолеть многие сложности.

Я начинала трудовую деятельность оператором по добыче нефти, помню, как замеряли объем добываемой нефти, верхом на лошади ездила по участкам. Через какое-то время меня перевели в геологи. Рисовали карты. Вначале мы жили в одной комнатухе, а потом построили здание для работников с оборудованием. Так называли тогда ИТР. В годы войны на промысле было много приезжих специалистов.

День Победы Александра Николаевна встречала уже в должности старшего геолога промысла Сагыз, а вскоре ее перевели в объединение «Эмбанефть». Молодой специалист, имевшая за плечами опыт работы на промысле, быстро влилась в новый коллектив и успешно продолжила трудовую деятельность.

- Двухэтажное здание Эмбанефти находилось на берегу Урала, - продолжает вспоминать Александра Николаевна. - Главным геологом объединения был Николай Александрович Калинин. В Эмбанефти я поднялась до заместителя начальника геологического отдела. Оттуда, в 1979 году вышла на заслуженный отдых. Трудилась исправно, без нареканий. Мне посчастливилось работать с хорошими людьми. В их числе Нарен Урынбаевич Имашев, он был главным геологом треста «Казнефтеразведка», Зейнолла Булекбаев, в 50-ых годах работал главным геологом на промысле Сагыз, Сисен Айжариков, знала братьев Авровых.

С особой теплотой Александра Николаевна вспоминает про Жолдаскали Досмухамбетова: «После Калинина он был главным геологом объединения. Между собой, мы его любя, называли «Дос». Очень хороший был человек, профессионал своего дела. Когда я вышла замуж, он хлопотал о выделении мне комнаты».

Брат Александры Николаевны Георгий Струняшев тоже работал в объединении, механиком.

В стенах Эмбанефти судьба свела Александру Николаевну с Сергеем Мартыновым, он работал водителем у главного геолога. Они создали семью, в которой родились трое детей. Две дочери – Людмила и Светлана пошли по стопам мамы и стали геологами. Старшая дочь окончила РГУ нефти и газа им. И.М.Губкина, вторая – КазНТУ им. К.Сатпаева. Сын стал летчиком. К сожалению, старшая дочь и сын рано ушли из жизни. Боль невосполнимой потери навсегда поселилась в сердце Александры Николаевны, и успокоение она сегодня находит в 8 внуках и 17 правнуках.

40 лет безупречной работы А.Н.Мартыновой в нефтяной промышленности был отмечен орденом Трудового Красного знамени и медалями. Вот такая история жизни ровесницы Эмбы – человека, стойкого духом и сильным характером.

Эмби-100

АРДАГЕРЛЕР ЭКСПЕДИЦИЯСЫ: ШЫМКЕНТ – ТҮРКІСТАН – ТАРАЗ

«Эмбімұнайгаз» АҚ 100 жылдығына орай жоспарланған шаралар легі қарқынды басталып кетті. Соның ішінде, Эмбі өндірісінің дамуына ұзақ жылдарын арнаған компанияның 33 ардагеріне рухани демалыс сыйлау мақсатында 18-22 мамыр күндері аралығында Шымкент –Түркістан – Тараз қалаларына саяхат ұйымдастырылды. «Эмбімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Есен Қайыржан ардагерлерді қабылдап, сәт сапар тіледі. Елге оралған соң зейнеткерлер сапардан алған әсерлерімен бөлісті.

Бағыт СМАТУЛЛИН, «Эмбімұнайгаз» АҚ Ардагерлер кеңесінің төрағасы:

Ардагерлер үшін рухани демалыс болды

Компаниямыздың 100 жылдығына орай жоспарланған шараларда ардагерлер де назардан тыс қалып жатқан жоқ. Әр айтулы даталарда ардагерлерге көңіл айрықша. Эмбімұнайгаз ұрпақтар сабақтастығын сақтайтындығымен де ерекшеленеді.

Бұл жолы 33 ардагер болып еліміздің Шымкент –Түркістан –Тараз қалаларына барып, әдемі де киелі жерлерді аралады. Компания ардагерлері саяхатты Түркістан қаласының «Арыстан баб» мавзолейінен бастап, Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне зиярат етті. Сонымен қатар, «Гаухар Ана» кесенесіне барып, құран бағыштадық.

Кейін түрленген түркі әлемінің рухани астанасы Түркістан қаласын араладық.

Содан кейін санғасырлық тарихы бар Түркістан өлкесінің өткені мен бүгін туралы шежіре шертетін «Керуен сарай» кешеніне саяхат жасадық. Түркістанның жаңарған келбетін алғаш рет көруге келген мұнайшы ардагерлер аз уақыт ішінде рухани астананың жаңарып, түрлі зәулім ғимараттардың бой көтеріп, адам танымастай өзгергенін айтып, ерекше әсерге бөленгендерін жеткізді. Рухани өрлеуімізді көзбен көру мақсатындағы сапарды ұйымдастырған «Эмбімұнайгаз» АҚ басшылығына алғысымызды білдіреміз.

Мұстахима ИСАИНОВА, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Ардагерлер ұйымының төрайымы:

Тарихи орындарға саяхат

Мамыражай мамыр айында «Эмбімұнайгаз» АҚ басшылығының ұйымдастыруымен осы қоғамға қарасты мекемелердің бір топ зейнеткерлері Атыраудан шығып, еліміздегі киелі де қасиетті орындары Атырау-Шымкент-Түркістан-Тараз-Шымкент-Атырау бағытына саяхаттап келдік. Кітаптан оқып, ауызекі әңгімеден естіп, кинодан көрген тарихи орындарды аралап, зиярат еттік. Шымкент қаласында Тәуелсіздік саябағы, Ордабасы алаңы, Қошқарата, Бәйдібек алаңын тамашаладық.

Қайсарлығымен алты ай сыртқы жауға берілмеген Отырардай қаланың орнында қазба жұмыстары жүріп жатыр екен. Одан соң Арыстан-Баб, Қожа Ахмет Яссауи



кесенесіне, Домалақ Ана, Гаухар Ана, Айша-Бибі, Бабаджа хатун, Қарахан мавзолейлері мен Ақмешіт үңгіріне бардық. Түркістанда біздерді «Керуен сарайдағы» «Күн» қонақүйіне орналастырды, бұл «Керуен сарайда» қайықтар жүзген арықтар, осы судың үстінде театрландырған көрініс, Әл-Фараби атындағы кітапхана, «Алтын Самұрық» атты ұшатын театр (8D форматында), Ұлы дала елі музейінде Қазақстанның бүкіл тарихымен таныстырды.

Атыраудан екенімізді естігенде, Ұлы Дала Елі музейін сыйға тартқан Атырау екенін ерекше ықыласпен жеткізіп, музей қызметкерлері атыраулықтарға алғыс білдірді. Музейді аралап жүріп, республикада табылған алтын адамдар туралы айтып және соның екіншісі, Жылыой өңірі Аралтөбеден табылған дегенде, атыраулықтардың бәрімізді бірдей мақтанаш сезімі биледі. Мәдениет және өнер қызметкерлері күніне орай Созақ ауданының өнерпаздарының концертіне қатыстық. Саяхаттан тамаша әсер алып, ауылға келдік. «Эмбімұнайгаз» АҚ басшылығы тарапынан бізге көрсетілген құрметі үшін осы қоғам басшысы Есен Қайыржанға, Ардагерлер кеңесінің төрағасы Б.Сматуллинге, ембілік мұнайшыларға алғысымызды білдіреміз. Біз – мұнайшы-зейнеткерлерміз! Біздің тағдырымыз Эмбімұнайгазбен тығыз байланысты, біз сонымен мақтанамыз, әрқашан біргеміз!

Садырғали ӘДІЛОВ, зейнеткер:

Есте қаларлық керемет сапар

Керемет сапар болды. Жолға шыққанымыздан әр басқан қадамымыз жүйелі жоспарланған. Арнайы гид мамандары күтіп алып, барлық жердің тарихымен таныстырып, бұрын-соңды естіп-білмеген деректерге қанықтық.

Ардагерлер мемлекетіміздің тарихқа толы құнды және киелі жерлерін, соның ішінде, түркі халықтарының рухани астанасы – Түркістан қаласына сапарымыз ұмытылмайтын әсер қалдырды. Осыдан 7-8 жыл бұрын Түркістанға барғанмын. Сол кездегі келбеті мен қазіргі қаланы салыстыруға мүлдем келмейді.

Жастың үлгендігіне, жолдың ұзақтығына қарамастан, ардагерлердің бірінің де денсаулықтары сыр беріп, шағымданған жоқ. Жеп-жеңіл оралдық. Жанымызда дәрігер де еріп жүрді. Ардагерлердің денсаулығына, мезгілімен тамақтануына барлық жағдай жасаған ұйымдастырушыларға рахмет.

Иісі қазақтың аңсары болған сайын даладағы рухани жәдігерлерді аралап, асыл топырағына тәу еттік. Тарихи құндылықтарымызды көзбен көріп, қолмен сипап ішімізден тәубе қылдық. Саф алтындай таза ауасын сіміре жұтып бойымызға қуат алдық, елімізге қорған болған, жеріміз үшін құрбан болған ата-бабаларымыздан қалған жәдігерлерді көріп ойымызға рухани құнар алдық. «Қарттарым – асыл қазынам» деп бағалап, шексіз сый құрметін аямаған Эмбі компаниясының басшылығына алғысымызды білдіреміз.

Қарлыға АЛТЫНАЛИЕВА, зейнеткер, 3 дәрежелі «Еңбек даңқы» орденінің иегері:

Тамаша көңіл-күймен оралдық

Сапар адында «Эмбімұнайгаз» АҚ басшысы Есен Қайыржан ақ жол тілеп, ұшаққа шығарып салды. Жол сапарымыз Шымкент қаласынан басталды.

Саяхатты Шымкент қаласынан бастап, Д.А.Қонаев көшесімен қазақ елін біріктіруге үлес қосқан Бәйдібек бидің ескерткішіне барудан бастадық.

Көне қала Отырар, қазақ хандарының тарихи орындарын көрдік. Басқа да киелі орындарға ат басын тіреп, тамаша әсер алдық.

Түркістан қаласы адам танымастай өзгерген. Зәулім үйлер салынған. «Керуен сарайдың» салынуы қазақ тарихының үндестігін сезіндіргендей әсер берді. Тайқазан, Ақмешітті тамашалап, Таразға жол тарттық. Қаланы аралай отырып, Айша-Бибі, Бабаджа хатун мазарларына, Қарахан, Тектұрмыс кесенелеріне барып та құран бағыштадық. Бұл киелі жерлерге аяқ ізін тигізу – екінші бірінің басына бұйыра бермейтін бақ. Осыны сезініп, 5 күндік саяхаттан көтеріңкі көңіл-күймен, тамаша әсермен оралдық.



«МЕН – ЕМБІЛІКПІН»

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БАЙҚАУДЫҢ ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІ АНЫҚТАЛДЫ

Қазақ мұнайының қарашаңырағы саналатын «Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамының 100 жылдық мерейтойы қарсаңында ұйымдастырылған дәстүрлі «Мен – ембілікпін» корпоративті шығармашылық байқауының қорытынды шарасы өтті.

Осымен үшінші рет ұйымдастырылып отырған байқау 2018 жылы алғаш рет өткен болатын. Кейін әлемді шарлаған пандемия салдарынан бұл корпоративті шығармашылық байқауды ұйымдастыруға мүмкіндік болмады. Екі жыл үзілістен кейін қолға алынған байқауға ембіліктер аса белсенділікпен қатысты. Биыл 3 номинация бойынша өтіп, оған 35 еңбек келіп түсті. Бұған дейін мұндай көлемде еңбектер түспеген еді.

Компанияға қарасты басқармалардың, Басқару аппаратының кез келген жұмысшысына байқауға қатысуға мүмкіндік беріліп, ұсынылған шығармашылық жұмыстар әртүрлі жанрда – мақала, эссе, репортаж, фоторепортаж, бейнеролик түрінде қабылданды. Атап айтсақ, **Ұжымым – екінші үйім!** номинациясы бойынша - 8 жұмыс; **«Тағдырым менің - Ембімұнайгаз!»** номинациясы бойынша - 16 жұмыс; **«Менің тәлімгерім...»** номинациясы бойынша - 11 жұмыс; Осы орайда, белсенділік танытқан өндірістік бөлімшелерді де атап өткен жөн деп есептейміз.

«Жайықмұнайгаз» МГӨБ – 11 жұмыс (5 эссе, 5 видео, 1 Tik-Tok)

«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ – 10 жұмыс (3 эссе, 5 өлең, 1 видео, 1 презентация)

«Қайнармұнайгаз» МГӨБ – 5 жұмыс (3 эссе, 2 өлең)

«Доссормұнайгаз» МГӨБ – 3 жұмыс (2 видео, 1 презентация)

ӨТҚЖЖК басқармасы – 3 жұмыс (3 эссе)

Орталық басқару аппараты – 3 жұмыс (1 эссе, 1 өлең, 1 презентация)

«Ембімұнайэнерго» басқармасы – 0 жұмыс.

- Жалпы, мұндай шығармашылық байқаулар корпоративті ұйымшылдықты одан әрі дамытып қана қоймай, жұмысшылар арасында шығармашылыққа жақын адамдарды анықтауға септігін тигізеді. Қазылар алқасына үздік жұмыстарды анықтау оңайға соққан жоқ. Тақырыпты ашу, ойды жеткізу және мазмұны жағынан бір-бірінен асып түсетін жұмыстар да болды. Сондықтан, өздерінің негізгі жұмыстарымен қоса, байқауға белсенділікпен, жауапкершілікпен қатысуға уақыт тапқан әріптестерімізге алғыс айтамыз, - деп атап өтті өз сөзінде «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Есен Қайыржан.

Ұжымым – екінші үйім! номинациясы бойынша:

I орынды «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының №1 мұнай және газ өндіру цехының ұжымы жеңіп алды (арнайы дипломмен және ноутбук сыйлығымен марапатталды);

II орынға «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының мұнай дайындау және айдау цехының операторы Тоқтар НЫҒМЕТОВ ие болды (арнайы дипломмен және планшет сыйлығымен марапатталды);

III орын «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының бухгалтері Гүлнәр ӨТЕГЕНОВА (арнайы дипломмен және робот-шаңсорғыш сыйлығымен марапатталды).

«Тағдырым менің - Ембімұнайгаз!» номинациясы бойынша:

I орынды жеңіп алған **«Жайықмұнайгаз» МГӨБ-ның №1 мұнай-газ өндіру цехының операторы Дастан ӘДІЛБЕКҰЛЫ** (арнайы дипломмен және ноутбук сыйлығымен марапатталады);

II орынды иеленген **«Жайықмұнайгаз» МГӨБ-ның №1 мұнай-газ өндіру цехының лаборанты Ляззат ИДИРКЕНОВА** (арнайы дипломмен және планшет сыйлығымен марапатталды);

III орын - «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-ның №5 цехының технологы Ораз ТӨЛЕУШЕВ (арнайы дипломмен және робот-шаңсорғыш сыйлығымен марапатталды).

«Менің тәлімгерім» номинациясы бойынша:

I орынды жеңіп алған **Орталық басқару аппараты Геология және кен орындарын игеру департаментінің бөлім бастығы Рауан САБИРОВ** (арнайы дипломмен және ноутбук сыйлығымен марапатталды);

II орынды иеленген - **«Қайнармұнайгаз» МГӨБ-ның зерттеу жұмыстары цехының операторы Райымбек САҒЫЗБАЕВ** (арнайы дипломмен және планшет сыйлығымен марапатталды);

III орын - «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-ның Терең-Өзек мұнай және газ өндіру цехының бастығы Қанат НҰРМАШЕВ (арнайы дипломмен және робот-шаңсорғыш сыйлығымен марапатталды).

Сонымен қатар, байқауға белсенділікпен қатысып, 11 шығармашылық жұмыс ұсынған «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-ның бастығы Амангелді Сүлейменов пен 10 еңбек тапсырған «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-ның бастығы Ғибатолла Шанаевқа арнайы Алғыс хат табысталды.

БАЙҚАУ ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІН ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



ПРАЗДНИК ДЕТСТВА

40 детей из многодетных семей-работников АО «Эмбамунайгаз» стали участниками праздника, организованного компанией в честь Международного Дня защиты детей.

Перед началом официального мероприятия ребят приняли председатель Правления ЭМГ Есен Каиржан и заместитель председателя Правления по экономике и финансам Рысты Тасмагамбетова.

- Дети-одно из главных наших богатств, а семья всегда была и остается связующим звеном между разными поколениями, хранительницей духовных и культурных традиций. Желаю вам, дорогие дети, счастливого детства и успехов в учебе, - сказал Есен Каиржан.

Затем торжество продолжилось в актовом зале, где дети выступили с концертными номерами. В честь праздника каждому ребенку был вручен ценный подарок.

Продолжением праздничной программы стала прогулка на катере, которая подарила детям массу хороших впечатлений. Ведь как здорово сделать селфи на живописном фоне, просто посмотреть на речную гладь и узнать, что пешеходный мост, соединяющий Жилгородок с Авангардом, является самым длинным мостом в мире, и входит в Книгу рекордов Гиннеса. Катание на катере – впервые для некоторых ребят. Двойняшки Айзат и Ерхат – из Индерского района. Их папа- Бекет Кабдиров работает в НГДУ «Кайнармунайгаз». В семье Кабдировых -6 детей. Несмотря на то, что они самые младшие, Айзат и Ерхат помогают родителям в ведении домашнего хозяйства, например, поливают огород. У двойняшек есть и свои мечты: Айзат хочет стать дизайнером, а Ерхат – врачом.

После прогулки на катере детей ждал вкусный праздничный обед и игра в боулинг.



Құрметті «Эмбімұнайгаз» АҚ және Қоғам аумағында қызмет көрсететін мердігер мекеме қызметкерлері!

«Эмбімұнайгаз» АҚ-да «СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ» желісі жұмыс жасайды. Сіздің әлеуметтік бағытта сұрағыңыз, пікіріңіз, ұсынысыңыз, шағымыңыз болса хабарласыңыз (хабарламалар құпия қарастырылады).

WhatsApp: 8 771 002 68 95

K.Kalidullin@emg.kmgep.kz
Калидуллин Қуандық Мәдениетұлы
 Әлеуметтік саясат және әкімшілік қамтамасыз ету департаментінің директоры

Ескерту: Жолданған хабарламаға қызметкер - жағдай орын алған нысан, өндіріс орнының атауын көрсетуі сұралады.

Меншік иесі: «Эмбімұнайгаз» АҚ

Шығарушы: Ұйымдастыру бөлімі
Бас редактор: А. Ертлеуова

Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 23 желтоқсанда N17430-Г куәлігі берілді.

Газет айына 2 рет шығады.

Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.

G.Karajanova@emg.kmgep.kz

А.Ертлеуова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309

A.Ertleuova@emg.kmgep.kz

И.Сатылғанова – 8 (7122) 99-34-64; 21-166

I.Satylganova@emg.kmgep.kz

Баспахана:

«Жаркын Ко» ЖШС

Мекен-жайы: Нұр-Сұлтан қ., Абая даңғ., 57/1.

Тел: +7(7172) 21-50-86.

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

Р.Тасмағамбетова - Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;

Қ.Қасымғалиев - Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары;

Г.Шарафетдинова - қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры;

Т.Сәрсенов - мұнай және газ өндіру департаментінің директоры;

Қ.Қалидуллин - әлеуметтік саясат және әкімшілік қамтамасыз ету департаментінің директоры;

Ж.Мұқанғалиев - өнеркәсіп қауіпсіздігі бөлімінің бастығы;

Ғ.Қаражанова - ұйымдастыру бөлімінің жетекші маманы;

Ж.Дәуітов - «Жас мамандар» кеңесінің төрағасы.